

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК  
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН  
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫНЫҢ АБАЙ  
АУДАНЫНЫҢ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖЕР КАДАСТРЫ БӨЛІМІ

2021 ж. «07» *маусым* Тіркелді  
Құрылтай құжаттарына (ережеге) енгізілген  
өзгерту мен толықтырулар  
БСН 060440009840

«01» маусым 2021 жылы  
Акционерлердің жалпы жиналысының  
шешімімен бекітілген

«БАСТ»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМНЫҢ  
ЖАРҒЫСЫ

2021 жыл

КЕЛЕСІ БЕТТІ ҚАРАҢЫЗ  
СМОТРИТЕ НА ОБОРОТЕ

## 1. Жалпы ережелер

- 1.1 Осы «БАСТ» акционерлік Қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, оның органдарын құру тәртібі мен құзыретін, оның қызметін қайта ұйымдастыру және тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.
- 1.2 Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, Қоғамның дербес балансы, банктік шоттары болады, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып ала алады және жүзеге асыра алады, міндет атқарады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.
- 1.3 Қоғамның өз атауы жазылған бланкілері және оның қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де деректемелері бар.
- 1.4 Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Азаматтық кодексін, «Акционерлік Қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.
- 1.5 Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.
- 1.6 Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен оның орналасқан жерінен тыс орналасқан, заңды тұлғалар болып табылмайтын және олар туралы ереженің негізінде Қоғамның атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

## 2. Қоғамның атқарушы органының атауы және орналасқан жері

- 2.1 қазақ тілінде: толық атауы – «БАСТ» Акционерлік Қоғамы, қысқартылған атауы – «БАСТ» АҚ;  
орыс тілінде: толық атауы – Акционерное общество «БАСТ», қысқартылған атауы – АО «БАСТ»;  
ағылшын тілінде: толық атауы – «BAST» Joint Stock Company, қысқартылған атауы – «BAST» JSC.
- 2.2 Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, ҚР, ШҚО, Абай ауданы, Қасқабұлақ ауылдық округі, Қасқабұлақ ауылы, «Максұт» учаскесі, 1 құрылыс.
- 2.3 Қоғамның қызмет ету мерзімі шектелмеген болып табылады.
- 2.4 Жеке кәсіпкерлік субъектісінің мәртебесі: орта бизнес субъектісі.

## 3. Қоғам акционерлерінің құқықтары мен міндеттері

- 3.1 Қоғам акционерінің келесі әрекеттерге құқығы бар:
  - 3.1.1. «Акционерлік Қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қоғамның Жарғысында көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысу;
  - 3.1.2. дивидендтер алу;
  - 3.1.3. акционерлердің жалпы жиналысында немесе Қоғамның жарғысында айқындалған тәртіппен Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

- 3.1.4. Қоғамның тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алу;
- 3.1.5. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсыну;
- 3.1.6. Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айту;
- 3.1.7. дербес немесе басқа акционерлермен жиынтығында «Акционерлік Қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленген кезде Қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамға өтеуі және Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилиирленген ірі мәмілелерге және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алған пайданы (кірісті) Қоғамға қайтаруы туралы талаппен өз атынан сот органдарына өтініш жасауға;
- 3.1.8. Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және Қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға құқылы;
- 3.1.9. Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;
- 3.1.10. заңнамалық актілерде көзделген жағдайларды қоспағанда, «Акционерлік Қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алу;
- 3.1.11. «Акционерлік Қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен акционерлердің жалпы жиналысының Қоғам акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысу.
- 3.2. Ірі акционердің келесі құқығы бар:
  - 3.2.1. Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда, акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы;
  - 3.2.2. Директорлар кеңесіне «Акционерлік Қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсыну;
  - 3.2.3. Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап ету;
  - 3.2.4. аудиторлық ұйымның өз есебінен Қоғам аудитін жүргізуін талап ету.
  - 3.2.5. Артықшылықты акциялардың меншік иелері-акционерлердің жай акциялардың меншік иелері-акционерлерінің алдында Қоғамның жарғысында белгіленген алдын ала айқындалған кепілді мөлшерде дивидендтер алуға және «Акционерлік Қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне басым құқығы бар.
- 3.3. Қоғамның акционері төмендегілерге міндетті:
  - 3.3.1. акцияларды төлеу;
  - 3.3.2. Қоғамның тіркеушісіне және осы акционерге тиесілі акциялардың номиналды ұстаушысына Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы он күн ішінде хабарлауға;
  - 3.3.3. Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе «Акционерлік Қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеуге;

- 3.3.4. «Акционерлік Қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді орындау.

#### **4. Қоғамның органдары және олардың құрылу тәртібі**

- 4.1 Қоғамның органдары:
- 4.1.1. жоғары орган - акционерлердің жалпы жиналысы (барлық дауыс беретін акциялары бір акционерге тиесілі Қоғамда-осы акционер);
- 4.1.2. басқару органы - Директорлар кеңесі;
- 4.1.3. атқарушы орган-Атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға-Президент болып табылады.
- 4.2. Акционерлердің бірінші жалпы жиналысында Қоғамның директорлар кеңесі сайланады. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдар шектеусіз рет қайта сайлана алады.
- 4.3. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі акционерлердің жалпы жиналысында белгіленеді. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі акционерлердің жаңа директорлар кеңесін сайлау өтетін жалпы жиналысын өткізу кезінде аяқталады.
- 4.4. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.
- 4.5. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады.
- 4.6. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.
- 4.7. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған кумулятивтік дауыс берумен жүзеге асырылады, бұл ретте Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі тұтас алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.
- 4.8. Совет директоров избирает (назначает) исполнительный орган – Президента, определяет срок его полномочий, а также досрочное прекращение их полномочий.

#### **5. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыреті**

- 5.1. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:
- 5.1.1. Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 5.1.2. корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ ол қабылданған жағдайда оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 5.1.3. Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 5.1.4. Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

- 5.1.5. Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;
  - 5.1.6. Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
  - 5.1.7. орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;
  - 5.1.8. есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
  - 5.1.9. Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің Мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау;
  - 5.1.10. Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;
  - 5.1.11. жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
  - 5.1.12. Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
  - 5.1.13. «Акционерлік Қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайлар басталған кезде Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
  - 5.1.14. Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
  - 5.1.15. Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
  - 5.1.16. акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын айқындау және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;
  - 5.1.17. «Акционерлік Қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қоғам акцияларды сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесіне (егер оны Құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту) өзгерістерді бекіту;
  - 5.1.18. акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
  - 5.1.19. акционерлерге Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау, оның ішінде егер мұндай тәртіп Қоғамның Жарғысында айқындалмаса, бұқаралық ақпарат құралын айқындау;
  - 5.1.20. «алтын акцияны» енгізу және жою
  - 5.1.21. «Акционерлік Қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және Қоғамның Жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдау.
- 5.2 5.1.1-5.1.4 және 5.1.17-тармақшаларда көрсетілген мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен, ал инвестициялық жекешелендіру қорын қайта құру нәтижесінде құрылған Қоғамда - Қоғамның жиналыста ұсынылған дауыс беретін акцияларының білікті көпшілігімен қабылданады.

- 5.3 Егер «Акционерлік Қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қоғамның Жарғысында өзгеше белгіленбесе, акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері Қоғамның дауыс беруге қатысатын дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

## 6. Директорлар кеңесінің құзыреті

- 6.1. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:
- 6.1.1. Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау;
  - 6.1.2. акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдау;
  - 6.1.3. жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау);
  - 6.1.4. Қоғам орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
  - 6.1.5. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
  - 6.1.6. Директорлар кеңесінің комитеттері туралы Ережелерді бекіту;
  - 6.1.7. Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
  - 6.1.8. атқарушы органды – Президентті сайлау( тағайындау), оның өкілеттік мерзімін айқындау, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
  - 6.1.9. атқарушы органның-Президенттің лауазымдық жалақысының мөлшерін және еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын айқындау;
  - 6.1.10. ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы берудің мөлшері мен шарттарын айқындау;
  - 6.1.11. корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;
  - 6.1.12. аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғам акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
  - 6.1.13. Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
  - 6.1.14. Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы Ережелерді бекіту;
  - 6.1.15. Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы туралы шешім қабылдау;
  - 6.1.16. акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы

- жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 6.1.17. Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;
  - 6.1.18. Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе «Акционерлік Қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;
  - 6.1.19. ірі мәмілелерді және жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;
  - 6.1.20. «Акционерлік Қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қоғамның жарғысында көзделген, акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.  
Тізбесі осы Жарғының 6-бөлімінде белгіленген мәселелер атқарушы органға шешу үшін берілмейді

## **7. Атқарушы органның құзыреті**

- 7.1. Ағымдағы қызметке басшылықты атқарушы орган - Атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын Президент болып саналады.  
Президент «Акционерлік Қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде және Қоғамның жарғысында Қоғамның басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.
- 7.2. Президенттің Өкілеттігі:
  - 7.2.1. акционерлердің жалпы жиналысы мен директорлар кеңесінің шешімдердің орындалуын ұйымдастырады;
  - 7.2.2. сенімхатсыз үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Қоғам атынан әрекет етеді;
  - 7.2.3. үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында Қоғамды ұсыну құқығына сенімхаттар береді;
  - 7.2.4. Қоғам қызметкерлерін («Акционерлік Қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Қоғамның атқарушы органының және ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлеріне сыйлықақылар мөлшерін айқындайды.;
  - 7.2.5. өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Қоғамның Вице-президенттерінің біріне жүктейді;
  - 7.2.6. Қоғамның Жарғысында және акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерінде айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

## **8. Қоғам органдарының қызметін ұйымдастыру тәртібі**

- 8.1. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады.
- 8.2. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы:
  - 8.2.1. Директорлар кеңесінің;
  - 8.2.2. ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады.

Ерікті түрде тарату процесіндегі Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын Қоғамның тарату комиссиясы шақыруы, дайындауы және өткізуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы міндетті түрде шақырылатын жағдайлар көзделуі мүмкін.
- 8.3. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау және өткізу:
  - 8.3.1. атқарушы орган-Президентпен;
  - 8.3.2. онымен жасалған шартқа сәйкес Қоғамның тіркеушісімен;
  - 8.3.3. Директорлар кеңесімен;
  - 8.3.4. Қоғамның тарату комиссиясымен жүзеге асырылады.

«Акционерлік Қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу жөніндегі шығыстарды Қоғам көтереді.
- 8.4. Қоғамның органдары акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақырудың «Акционерлік Қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, акционерлердің жылдық жалпы жиналысы кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

Егер Қоғам органдары акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы Қоғамның ірі акционерінің талабын орындамаса, Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы оның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.
- 8.5. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру қорытындылары «Қазақстан қор биржасы» АҚ, «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ, [www:bast-mining.kz](http://www.bast-mining.kz) Интернет-ресурстарында жарияланады.
- 8.6. «Акционерлік Қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және осы Жарғыда акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты Қоғамның Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен Жарғыға және Қоғамның директорлар Кеңесі туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
- 8.7. Директорлар кеңесінің Қоғамның Жарғысына сәйкес оның атқарушы органының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.
- 8.8. Директорлар кеңесі қабылдайтын шешімдер вето құқығы белгіленген мәселелер бойынша «Алтын акция» иесімен келісілуге тиіс.
- 8.9. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы үш адамнан кем болмауға тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.
- 8.10. Директорлар кеңесін өткізу үшін Кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде жартысын құрайды.



- Дауыстар тең болған кезде директорлар кеңесі төрағасының немесе директорлар кеңесінің отырысына төрағалық етуші адамның дауысы шешуші болып табылады.
- 8.11. Директорлар кеңесі директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.
- 8.12. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.
- 8.13. Ағымдағы қызметке басшылықты жеке – дара атқарушы орган-Президент жүзеге асырады.  
Атқарушы орган «Акционерлік Қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде және Қоғамның жарғысында Қоғамның басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.  
Атқарушы орган акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.
- 8.14. Атқарушы органның вето құқығы белгіленген мәселелер жөніндегі шешімдері «алтын акция» иесімен келісілуге тиіс.
- 8.15. Атқарушы орган-Президент Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды және директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.
- 8.16. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.  
Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және атқарушы органның құрамына сайлана алмайды.
- 8.17. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

#### **9. Қоғам акционерлерінің және лауазымды адамдарының өздерінің аффилирленген тұлғалары туралы ақпарат беру тәртібі**

- 9.1. Қоғам уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ірі акционер болып табылатын тұлғаларға қатысты осы тұлғалар және Қоғамның тіркеушісі ұсынатын мәліметтер негізінде өзінің аффилирленген тұлғаларының есебін жүргізеді.
- 9.2. Қоғамның аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе «Акционерлік Қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды. Қоғамның аффилирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар аффилирлену туындаған күннен бастап жеті күн ішінде өзінің аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтерді Қоғамға ұсынуға міндетті.
- 9.3. Қоғам өзінің аффилирленген тұлғаларының тізімін өзі белгілеген тәртіппен уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

#### **10. Қоғамның ақпарат беру тәртібі**

- 10.1. Қоғам «Акционерлік Қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және осы Жарғыға сәйкес Қоғам акционерлерінің мүдделерін қозғайтын өз қызметі туралы ақпаратты «Қазақстан қор биржасы» АҚ, «Ақпараттық-есептеу орталығы»

АҚ, [www:bast-mining.kz](http://www.bast-mining.kz) Интернет-ресурстарының қаражаты бойынша өз акционерлерінің назарына жеткізеді.

10.2. Акционердің талап етуі бойынша Қоғам акционерге «Акционерлік Қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген құжаттардың көшірмелерін беруге міндетті.

10.3. Акционер ақпарат алу мақсатында Қоғамның атқарушы органына жазбаша нысанда өтініш жасайды. Акционердің өтініші Қоғамның кіріс құжаттарын есепке алу журналында тіркелуі тиіс. Қоғам акционерге талап етілетін ақпаратты (талап етілген құжаттардың көшірмелерін) өтініш жасалған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде ұсынуға міндетті.

Құжаттардың көшірмелерін бергені үшін төленетін ақының мөлшерін Қоғам белгілейді және ол құжаттардың көшірмелерін дайындауға және құжаттарды акционерге жеткізуге байланысты шығыстарды төлеуге арналған шығыстардың құнынан аспауға тиіс.

## **11. Акциялар, облигациялар.**

### **Бағалы қағаздарды орналастыру шарттары**

11.1. Қоғам жай акциялар шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

11.2. Жай акция дауыс беруге шығарылатын барлық мәселелерді шешкен кезде акционерге дауыс беру құқығымен акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, акционерлердің жалпы жиналысының тиісті шешімі негізінде Қоғамда таза кіріс болған кезде дивидендтер, сондай-ақ Қоғам таратылған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу жыл қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.

11.3. Акцияларды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу, сондай-ақ жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу шарттары мен тәртібі акцияларды шығару проспектісінде белгіленеді.

11.4. Қоғам айырбасталатын бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

11.5. Қоғам қосымша қаражат тарту үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облигациялар шығаруға құқылы.

Облигацияларды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу, олар бойынша сыйақы төлеу, облигацияларды өтеу және оларды өткізуден түскен қаражатты пайдалану шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында және облигациялар шығару проспектісінде айқындалады.

## **12. Таза кірісті бөлу тәртібі. Акциялар бойынша дивидендтер**

12.1. Қоғамның таза кірісі, оның ішінде дивидендтер төлеуге (салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) Қоғамның билігінде қалады және акционерлердің жалпы жиналысының шешімінде айқындалған тәртіппен бөлінеді. Қалған бөлігі Қоғамды дамытуға немесе акционерлердің жалпы жиналысының шешімінде көзделген өзге де мақсаттарға жіберіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысы жыл қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлеудің орынсыздығы туралы шешім қабылдауға құқылы. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу Қоғам органының шешімін талап етпейді.

Орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе акционерлердің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

- 12.2. Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер есептеуге:
- 12.2.1. меншікті капиталдың теріс мөлшері кезінде немесе егер Қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;
- 12.2.2. егер ол Қазақстан Республикасының Банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сай келсе не көрсетілген белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса жол берілмейді.


### **13. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату**

- 13.1. Қоғам акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша қайта құрылуы және таратылуы мүмкін.
- 13.2. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі «Акционерлік Қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

### **15. Қорытынды ережелер**

- 15.1. Қоғам өз қызметінде осы Жарғыны және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін басшылыққа алады.
- 15.2. Осы Жарғы заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

«БАСТ» АҚ Президенті Рясков Станислав Евгеньевич,



**Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,  
Бірінші маусым екі мың жиырма бірінші жыл.**

Мен, Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі берген 21.04.2017 жылы № 17007165 мемлекеттік лицензиясының негізінде әрекет жасаушы Алматы қаласының, нотариусы Абдраманова Гульзира Айтпековна, менің қатысуыммен «БАСТ» Акционерлік қоғамының президенті Рясков Станислав Евгеньевич, қойған қолының түпнұсқалығын куәландырамын. Өкілдің жеке басы анықталды, оның әрекетке қабілеттілігі және өкілеттілігі, сондай-ақ заңды тұлғаның құқықтық қабілеттілігі тексерілді.

Реестрде № 316 болып тіркелді  
Өндірілді: 3 209 төленді



Нотариус

Утвержден решением  
Общего собрания акционеров  
«01» июня 2021 года

УСТАВ  
АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА  
"БАСТ"

2021 год

2017  
душы  
менің  
слав  
жеке  
анды

## 1. Общие положения

- 1.1 Настоящий Устав акционерного общества «БАСТ» (далее - Общество) определяет его наименование, местонахождение, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.
- 1.2 Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанность, быть истцом и ответчиком в суде.
- 1.3 Общество имеет бланки со своим наименованием и иные реквизиты, необходимые для осуществления его деятельности.
- 1.4 Общество в своей деятельности руководствуется Конституцией, Гражданским кодексом, Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах» (далее - Закон), иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, а также настоящим Уставом.
- 1.5 Общество вправе в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, участвовать в уставных капиталах юридических лиц.
- 1.6 В порядке, предусмотренном законодательными актами Республики Казахстан, Общество вправе создавать филиалы (представительства), расположенные вне места его нахождения, не являющиеся юридическими лицами и действующие от имени и по поручению Общества на основании Положения о них.

## 2. Наименование и место нахождения исполнительного органа Общества

- 2.1 на казахском языке: полное наименование – "БАСТ" Акционерлік қоғамы, сокращенное наименование – "БАСТ"АҚ;  
